КЕЛІСІЛДІ
01098 әскери бөлімінің командирі
полковник Е. Буриев
«10» 10 2026 ж.

Сатып алынатын қызметтердің техникалық спецификациясы

Тапсырыс берушінің атауы: 01098 әскери бөлімі

Конкурстың атауы: 2026 жылға қауіпсіздік жүйелерінен басқа өртке қарсы құралдарды(мүлікті), жабдықтарды техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер.

Лот нөмері № _____

Тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығының коды	801019.000.000005
Қызметтің атауы:	Қауіпсіздік жүйелерінен басқа өртке қарсы құралдарға (мүлікке), жабдықтарға техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер
Өлшем бірлігі:	Услуга
Саны:	1
Бірлік бағасы:	3500
Сатып алуға бөлінген жалпы бағасы:	105000т.
Қызмет көрсету мерзімі:	Қазан
Аванстық төлем мөлшері:	-
Кепілдік мерзімі,ай:	12
Сатып алынатын қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық, пайдалану және өзге де сипаттамалары:	Өрт сөндіргіштерін қайта зарядтау қызметі СТ РК ГОСТ Р 51057-2005 талаптарына сәйкес орындалады.

№ р/н	Өрт сөндіргіш (маркасы):	Заряд массасы (кг)	Саны(дана)
1.	Ұнтақты	5	25
2.	Газды	5	5
	Итого:		30

	Техникалық сипаттамасы: Өрт сөндіргішті қайта зарядтау сыртқы және ішкі тексеруді, жөндеуді, беріктікке гидравликалық сынауды, корпустың, іске қосу басының, түтіктің, жапқыш құрылғының герметикалығына пневматикалық сынауды және қажет болған жағдайда өрт сөндіргішті бояуды қамтиды. Қайта зарядтаудан өткен өрт сөндіргіш 2 жыл ішінде техникалық жарамды күйге сәйкес болуы тиіс.Техникалық жарамды өрт сөндіргішті қайта зарядтау мүмкін болмаған жағдайда, жарамсыз өрт сөндіргішті ақаудан шығару туралы белгіленген нысанда ақауларын көрсете отырып акт жасалады. Өрт сөндіргішті қайта зарядтағаннан кейін Жеткізуші құжаттарды (орындалған жұмыстар актісін, ақаудан шығару актісін) толтырып, тапсырыс берушіге ұсынады. **Сапалық сипаттамасы:** Сыртқы тексеру барысында мыналарға назар аудару қажет: 1. Корпуста, басқару тораптарында, сомындарда және өрт сөндіргіштің басында майысулардың,сынықтардың, терең сызаттардың болуы; 2. Қорғаныш және лак-бояу жабындарының жай-күйі; 3. Анық әрі түсінікті нұсқаулықтың болуы; пломбыланған сақтандырғыш құрылғының болуы; 4. Манометрдің немесе қысым индикаторының ақаусыздығы (егер ол өрт сөндіргіш конструкциясында қарастырылса), қажетті таңбаның болуы және тиісті үлгідегі өрт сөндіргіштегі немесе газ баллонындағы қысым шамасы; 5. Өрт сөндіргіштің жалпы массасы, сондай-ақ өрт сөндіргіштегі өрт сөндіргіш заттың массасы (соңғысы есептік жолмен анықталады); 6. Иілгіш түтіктің (бар болса) және өрт сөндіргіш заттың шашыратқышының жай-күйі (механикалық зақымдардың, коррозия іздерінің, құйма қабатының немесе өрт сөндіргіш заттың еркін шығуына кедергі келтіретін басқа заттардың болуы); 7. Жүріс бөлігінің жай-күйі және өрт сөндіргіш корпусының арбаға (жылжымалы өрт сөндіргіш үшін), қабырғаға немесе өрт шкафына (тасымалды өрт сөндіргіш үшін) бекітілуінің сенімділігі; 8. Өрт сөндіргіш корпусының ішкі бетінің жай-күйін (майысулардың немесе металдың ісінуінің,қорғаныш жабынның қабыршақтануының болуы); 9. Коррозия іздерінің болуы; 10. Тығыздағыштардың, манжеттердің немесе басқа да тығыздау түрлерінің жай-күйі;

	11. Сақтандырғыш құрылғылардың, сүзгілердің, қысымды өлшейтін аспаптардың,редукторлардың, вентильдердің, жапқыш құрылғылардың және олардың отырғызу орындарының жай-күйі; 12. Түтіктің беткі қабаты мен бекіту тораптарының жай-күйі; 13. Өрт сөндіргіш заттың жай-күйі, кепілдік сақтау мерзімі және негізгі параметрлерінің мәндері. **Пайдалану сипаттамасы:** 1.Өрт сөндіргіштерді техникалық қызмет көрсетуге (қайта зарядтауға) алып кетуді және техникалық қызмет көрсетуден (қайта зарядтаудан) кейін тапсырыс берушіге жеткізуді, орындаушының өз күшімен және қаражаты есебінен қамтамасыз ету көзделсін. 2. Шығыс материалдары мен қосалқы бөлшектер (әр марка бойынша) қарастырылсын, орындаушы қызмет сапасының осы қызмет түріне қойылатын ГОСТ, стандарттар және Қазақстан Республикасының техникалық регламенттері талаптарына сәйкес келетініне кепілдік береді, орындаушы қызмет көрсету жөніндегі өз міндеттерін толықтай да, ішінара да үшінші тұлғаларға бермеуге тиіс. Әлеуетті орындаушы – жеңімпаз қызмет атауы бойынша әрбір қызметке жеке-жеке бағалар тізбесін ресми хатпен ұсынуы қажет. Төлем қызмет нақты көрсетілгеннен кейін шот-фактураға, жүкқұжатқа және орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер актісіне сәйкес жүргізіледі. Қызмет көрсету орны: Алматы облысы, Қордай ауданы Мәтібұлақ ауылы, 01098 әскенри бөлімін. Орындалған жұмыстарды тапсыру кезінде жеткізушінің уәкілетті өкілінің қатысуы міндетті. Орындалған жұмыстарды қабылдау жұмыс күндері сағат 09:00-ден 17:00-ге дейін (түскі үзіліс13:00-ден 15:00-ге дейін) жүргізіледі. Байланыс телефондары: 8 (77806)-88-562.

аға маман (пәтер-пайдалану және өртке қарсы қорғаныс)

ефрейтор **Р.Насыр**